



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhу
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 602–618
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_602-618

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Алия Тоймахановна Сулейменова

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қ. Филиалы
(11/5 үй, Қабанбай батыр көшесі, 010017, Астана, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Сулейменова А.Т., 2026

Андатпа. *Kіріспе.* 1920–1930 жылдары жүргізілген «партиялық тазалауларды» жүзеге асырған Кеңестік Қазақстан мен КСРО жағдайында партиялық бақылау институтының қалыптасуы мен эволюциясы қарастырылды. *Зерттеудің мақсаттары мен міндеттері.* Қазақстан аумағында жүргізілген «партиялық тазалаулардың» алғышарттары, барысын зерттеу. Большевиктік биліктің жазалаушы органдары мен партия мүшелерінің қарым-қатынасын анықтау. Большевиктік партияның құрамын «жат элементтерден», «ойы мен ниеті бөтендерден» тазалау механизмін архив деректері негізінде көрсету. Зерттеушілер назарынан тыс қалып келген архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу жұмысында жалпы тарихи әдістер – тарихи талдау, тарихи салыстырмалы талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Аталған әдістерді қолдану барысында салыстырмалы талдау және ғылыми әдістердің барысын талдау, сипаттама жасау және түсініктер беру тәсілдері арқылы көрсетілді. *Нәтижелер.* Зерттеу жұмысында алғаш рет Партиялық бақылау комиссияларының 1920–1930-жылдардағы қуғын-сүргіндерге қатысуына қатысты құжаттар жарыққа шығарылды. Партиялық бақылау комиссиясы мен жұмысшы-шаруа инспекциясы құрылымдарының біріктірілген кезіндегі іс-әрекеті құжаттық дереккөздер негізінде талдауға алынды. Қазақстандағы партиялық бақылау органдарының пайда болуы Коммунистік партияның билікке монополиясы мен партиялық-мемлекеттік жүйенің орнығуымен тікелей байланысты болғанын архивтік деректер мен зерттеу еңбектері көрсетеді. Партиялық бақылаудың негізгі функциялары – коммунистердің саяси адалдығын қадағалау, партиялық тәртіпті сақтау, фракциялық қозғалыстармен күрес және партиялық ұйымдардың құрамын реттеу мәселелері жан-жақты талданады. БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті жанындағы Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық комиссариатының материалдары негізінде бақылау органдарының қызметіндегі басымдықтардың уақыт өте өзгергені, әсіресе 1920–1930-жылдардағы саяси дағдарыстар мен партия саясатының бетбұрыстары кезеңінде тәртіптік бақылаудың күшейгені айқындалды. Сонымен қатар партиялық бақылау органдарының халық пен билік арасындағы коммуникацияны қамтамасыз етудегі, әкімшілік аппараттың тиімділігін арттырудағы рөлі ашып көрсетіледі. 1930-жылдардың бірінші жартысындағы бақылау органдарының қайта ұйымдастырылуы партиялық вертикальді нығайтуға және басқарудың орталықтандырылуын күшейтуге бағытталғаны тұжырымдалады. 1920–1934 жылдар аралығында партияның ең жоғарғы бақылау органы ретінде қызмет еткен БК (б) П Орталық бақылау

комиссиясының аталған кезеіндегі партиялық тазалауларды жүргізуде басты роль атқарғаны жайлы баяндалады. *Қорытынды.* Қазақстан аумағындағы «партиялық тазалаулар» большевиктік билік қолға алған қуғын-сүргіндер науқандарының құрамдас бөлігі ретінде жүргізілді.

Кілт сөздер: БК (б) П Орталық бақылау комиссиясы, партиялық бақылау, Жұмысшы-Шаруа инспекциясы, партиялық тазалаулар, қуғын-сүргіндер.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ИРН:BR24993057 «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» іргелі ғылыми жобаны жүзеге асыру жоспарына сай дайындалды.

Дәйексөз үшін: Сулейменова А. Қазақстандағы партиялық бақылау органдарының 1920–1930-жылдардағы «партиялық тазалаулар» кезіндегі қызметі // Отан тарихы. 2026. Т. 29. No 2. 602–618-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_602-618

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОРГАНОВ ПАРТИЙНОГО КОНТРОЛЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРИОД «ПАРТИЙНЫХ ЧИСТОК» 1920–1930-х ГОДОВ

Алия Тоймахановна Сулейменова

¹ филиал Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова в Астане

(д. 11/5, ул. Кабанбай батыра, 010017, г. Астана, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553> E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Сулейменова А.Т., 2026

Аннотация. *Введение.* Рассматривается формирование и эволюция института партийного контроля в условиях Советского Казахстана и СССР, осуществлявшего «партийные чистки» в 1920–1930-е годы. *Цели и задачи исследования.* Изучение предпосылок и хода «партийных чисток», проведённых на территории Казахстана. Определение взаимоотношений между карательными органами большевистской власти и членами партии. Показ механизмов очищения состава большевистской партии от «чуждых элементов» и «инакомыслящих» на основе архивных данных. *Введение* в научный оборот ранее не привлекавшихся архивных материалов. *Материалы и методы.* В исследовании использованы общенаучные исторические методы – исторический анализ, сравнительно-исторический анализ и метод обобщения. В ходе их применения результаты представлены посредством сравнительного анализа, описания и интерпретации. *Результаты.* В работе впервые введены в научный оборот документы, касающиеся участия комиссий партийного контроля в репрессиях 1920–1930-х годов. На основе документальных источников проанализирована деятельность объединённых структур Комиссии партийного контроля и Рабоче-крестьянской инспекции. Архивные данные и исследования показывают, что возникновение органов партийного контроля в Казахстане было напрямую связано с монополией Коммунистической партии на власть и становлением партийно-государственной системы. Основные функции партийного контроля — наблюдение за политической лояльностью коммунистов, соблюдение партийной дисциплины, борьба с фракционностью и регулирование состава партийных организаций — всесторонне проанализированы. На основе материалов Контрольной комиссии при Казкрайкоме ВКП(б) и Народного комиссариата Рабоче-крестьянской инспекции установлено, что приоритеты в деятельности контрольных органов со временем изменялись, особенно в периоды политических кризисов и поворотов партийной политики 1920–1930-х годов, когда усиливался дисциплинарный контроль. Также раскрыта роль органов партийного контроля в обеспечении коммуникации между населением и властью, а также в повышении эффективности административного аппарата. Делается вывод, что реорганизация контрольных органов в первой половине 1930-х годов была направлена на укрепление партийной вертикали и усиление централизации управления. Отмечается, что Центральная контрольная комиссия ВКП(б), являвшаяся высшим контрольным органом партии в 1920–1934 годах, сыграла ключевую роль в проведении партийных чисток данного периода. *Выводы.*

«Партийные чистки» на территории Казахстана проводились как составная часть кампаний политических репрессий, инициированных большевистской властью.

Ключевые слова: Центральная контрольная комиссия ВКП(б), партийный контроль, Рабоче-крестьянская инспекция, партийные чистки, репрессии.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации фундаментального научного проекта Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН: BR24993057 «Фундаментальное исследование основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессов их полной реабилитации».

Для цитирования: Сулейменова А. Деятельность органов партийного контроля в Казахстане в период «партийных чисток» 1920–1930-х годов // Отечественная история. 2026. Т. 29. № 2. С. 602–618. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_602-618

ACTIVITIES OF PARTY CONTROL BODIES IN KAZAKHSTAN DURING THE «PARTY PURGES» OF THE 1920s–1930s

Aliya Toimakhanovna Suleimenova

Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
(11/5 Kabanbai Batyr str., 010017, Astana, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher

<https://orcid.org/0000-0002-9782-4553>. E-mail: suleimenova1972@mail.ru

© Valichanov IHE, 2026

© Suleimenova A.T., 2026

Abstract. Introduction. This study examines the formation and evolution of the institution of party control in Soviet Kazakhstan and the USSR during the implementation of the «party purges» in the 1920s–1930s. **Research goals and objectives.** The study aims to investigate the prerequisites and course of the «party purges» carried out in Kazakhstan. It also seeks to determine the relationship between the punitive bodies of the Bolshevik government and party members. Another objective is to demonstrate, based on archival data, the mechanisms used to purge the Bolshevik Party of «alien elements» and «dissenters.» Additionally, the study introduces previously overlooked archival materials into academic circulation. **Materials and methods.** The research employs general historical methods, including historical analysis, comparative historical analysis, and synthesis. These methods are applied through comparative evaluation, descriptive analysis, and interpretative approaches. **Results.** For the first time, this study introduces documents related to the participation of Party Control Commissions in the repressions of the 1920s–1930s. The activities of the merged structures of the Party Control Commission and the Workers’ and Peasants’ Inspectorate are analyzed based on documentary sources. Archival evidence and scholarly works demonstrate that the emergence of party control bodies in Kazakhstan was directly linked to the Communist Party’s monopoly on power and the establishment of the party-state system. The main functions of party control—monitoring the political loyalty of communists, maintaining party discipline, combating factional movements, and regulating the composition of party organizations—are comprehensively analyzed. Based on materials from the Control Commission under the Kazakh Regional Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) and the People’s Commissariat of the Workers’ and Peasants’ Inspectorate, it is shown that the priorities of control bodies evolved over time. In particular, during periods of political crises and shifts in party policy in the 1920s–1930s, disciplinary control intensified. The study also highlights the role of party control bodies in facilitating communication between the population and the authorities, as well as in improving the efficiency of the administrative apparatus. It concludes that the reorganization of control bodies in the first half of the 1930s was aimed at strengthening the party vertical and enhancing the centralization of governance. The Central Control Commission of the All-Union Communist Party (Bolsheviks), which served as the highest control body of the party from 1920 to 1934, is shown to have played a key role in conducting party purges during this period. **Conclusions.** «Party purges» in Kazakhstan were carried out as an integral part of the broader campaigns of political repression initiated by the Bolshevik regime.

Keywords: Central Control Commission of the All-Union Communist Party (Bolsheviks), party control, Workers’ and Peasants’ Inspectorate, party purges, political repression.

Acknowledgments. This article was prepared within the framework of the fundamental research project of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: «IRN: BR24993057 Fundamental study of the main categories and subcategories of victims of political repression in Kazakhstan and the processes of their full rehabilitation»

For citation: Suleimenova, A. Activities of Party Control Bodies in Kazakhstan during the «Party Purges» of the 1920s–1930s. // *Otan tarihy*. Vol. 29. No 2. Pp. 602–618. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_602-618

Кіріспе. Кеңестік саяси жүйеде партиялық бақылау институтының рөлі оның функцияларының жиынтығымен айқындалды. Коммунистердің саяси адалдығы мен мінез-құлқын қадағалаудан бөлек, бақылау органдары халық пен билік арасындағы коммуникация арнасын қалыптастырды. Төменнен жоғары қарай коммуникация әкімшілік құрылым өкілдерінің қызметіне қатысты шағымдарды жинау, бұқаралық көңіл-күйді мониторингілеу, «сын және өзара сынау» науқандарын жүргізу арқылы жүзеге асырылды. Жоғарыдан төменге қарай коммуникация ақпараттық-насихаттық жұмыс арқылы іске асырылды.

Мемлекеттік бақылау тарихында БК (б) П Орталық Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық комиссариаты мемлекеттік бақылау органдарының қызметінің тарихы аз зерттелген. Әсіресе Қазақстандағы бақылау органдарының қызметі жайлы зерттеу еңбектер саусақпен санарлықтай ғана.

Большевиктік билік өз қатарындағы мүшелердің жұмысын бақылау және жаңа адамдар тарту мақсатында бақылаушы-қадағалаушы орган құруды қолға алды. Ресей империясының кезіндегі қаржы және полициялық бақылау органына ұқсамайтын жаңа мекеме құру көзделді. Мемлекеттік бақылаудың ескі органын еңбекшілердің қатысуы негізіндегі жаңадан құрылған инспекцияға жедел қайта ұйымдастыру; кеңестік мекемелердегі бюрократизм мен волокитаны жою, барлық декреттер мен қаулылардың жүзеге асырылуы мен орындалу үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асырылуын нақты бақылауды күшейту, қызмет нәтижелерін билік органдарының қол жеткізуін тексеру; Кеңестердің 6-Бүкілресейлік съезінің заңдылық туралы декретінің нақты орындалуын қадағалау; арыздар мен шағымдарды қабылдауды ұйымдастыруды қадағалау мен бақылауды қамтамасыз ету, лауазымды тұлғалардың қылмыстарымен жұмыс жүргізуге арналған арнаулы бюроларды ұйымдастыру; Кеңестік билік аппаратын модернизациялау және қарапайым ету, өкілеттіліктердегі парареллизмді жою және кеңседегі волокита мен жөнсіздіктермен күрес жүргізу сияқты міндеттер алға қойылды.

Ақпан және Қазан революциясынан кейінгі маңызды нормативтік-құқықтық актілердің қатарында БОАК 1919 жылғы 12 сәуірдегі «Мемлекеттік бақылау туралы» Декреті мемлекеттік бақылау ісін жүзеге асырудың реттеуші ролін атап өту қажет. Кеңестік мекемелердің негізгі проблемасы ретінде капиталистік және бюрократтық көзқарастар белең алатындығын атап өте отырып, Декрет кадрлармен жұмыс жүргізу қажеттігін негізге алды. Бұл мәселені оңтайлы шешу үшін Декретте жұмысшылар мен шаруалардың басым бөлігін мемлекеттік бақылау ісіне тарту көзделді.

Ал Жұмысшы-шаруа инспекциясы 1920 жылы 8 ақпанда «Жұмысшы-Шаруа инспекциясы туралы» Декретпен ұйымдастырылды. Жұмысшылар мен шаруалардың көмегімен жүргізілуі тиіс мемлекеттік бақылау ісінің органы өз қызметін жүзеге асыруда жоғарыда аталған 1919 жылғы 12 сәуірдегі «Мемлекеттік бақылау туралы» Декретті басшылыққа алды.

В.И. Лениннің ұсынысымен 1923 жылы Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Орталық Бақылау комиссиясымен біріктірілді. Біріктірілген БКК-ЖШИ органы партияның бірлігін қамтамасыз ету тиіс болды [Султанмуратов, 2020].

Зерттеуші Ю. Сұлтанмуратовтың пікірінше, В.И. Ленин негіздеп берген партия-мемлекеттік бақылау принциптері, еңбекшілердің араласуымен жүзеге асырылатын бақылау еді. Ал бұл өз кезегінде И.В. Сталиннің билікті бұдан кейін өз қолына жинауына мүмкіндік бермеді. Сталиннің жеке басына табынудың күшеюі, елдегі авторитарлық биліктің нығаюы ОБК-ЖШИ таратылуының негізгі себептеріне айналды.

Зерттеу тақырыбының Партиялық бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа инспекциясының біріктірілгенінен кейінгі қызметіне қатыстылығына орай Қазақстандағы бақылау органдарының «партиялық тазалауларды» жүзеге асыруын талқылаймыз.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында жалпы тарихи әдістер – тарихи талдау, тарихи салыстырмалы талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Аталған әдістерді қолдану барысында салыстырмалы талдау және ғылыми әдістердің барысы талдау, сипаттама жасау және түсініктер беру тәсілдері арқылы көрсетілді. Қазақстан аумағындағы большевиктік биліктің бақылау органдары Бақылау комиссиялары мен Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық комиссариатының жұмысына қатысты архивтік дереккөздер мен ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды. Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті жанындағы Бақылау комиссиясының, Абай облысының мемлекеттік архивіндегі Семей округтік Жұмысшы-шаруа инспекциясының қорларындағы құжаттарға талдау жасалды. Аталған дереккөздердің негізінде Қазақстандағы партиялық тазалаулар жұмысының жүргізілуінің тарихына шолу жасалды. Ф. Голощекин билік еткен 1925–1933 жылдары жүргізілген «партиялық тазалаулар» науқанының халық арасындағы жалпы көңіл-күйге тигізген әсері мен зардаптары тарихи-салыстырмалы тұрғыда сарапталды. Сонымен қатар тарихилық, объективтілік принциптері басты назарға алынды. Объективтілік принцип бойынша «партиялық тазалаулардың» ел ішінде жаппай жүргізілуі мен зардаптарының факторлары талданды. Тақырыпты жан-жақты ашу мақсатында зерттеудің анализ, синтез, статистикалық сияқты жалпы-ғылымилық және тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелілік сияқты арнайы-тарихилық тәсілдері қолданылды.

Талқылау. БК (б) П Орталық бақылау комиссиясы – 1920–1934 жылдар аралығында партияның ең жоғарғы бақылау органы ретінде қызмет етті. В.И. Лениннің ұсынысымен «... партияның съезі алдында ғана есеп беретін...» мекеме ретінде ұйымдастырылды. Ең алғашқы атауы – РК (б) П Бақылау комиссиясы, ал РК (б) П Х съезінен кейін РК (б) П Орталық Бақылау комиссиясы деп аталды [Центральная Контрольная комиссия].

Зерттеуші И.А. Анфертьевтің пайымдауынша: «Бақылау комиссиясының құрылуының ресми себептері: партияның «жоғары» және «төмен» құрылымдар арасындағы алшақтық; бюрократия және партия шенеуніктерінің өз позицияларын теріс пайдалануы, партия массасының олардың артықшылықтарына төзбеушілігі». Сонымен қатар Орталық Бақылау комиссиясын құрудың шынайы себептері басқаша. Шұғыл түрде әскери коммунизм саясаты мен Азамат соғысының ауыртпалықтарына негізделе отырып жеңілдетілген партия қатарындағы бірлікті нығайту, пікірталастарды, келіспеушілікті тоқтату қажет болды. Партияның кейбір мүшелеріне, ең алдымен ірі мемлекеттік және кеңестік шенеуніктерге және бүкіл ұйымдарға «қастерлеуге жол бермейтін партия ішлік шектеудің бір түріне жататын» жазалаушы орган құру қажеттілігі туындады [Анфертьев, 2012].

Оның негізгі міндеті құжаттарда «жаңа экономикалық саясаттың жағдайларында Партияның Бағдарламасы мен Жарғысын коммунистердің барлығының бұлжытпай орындауын бақылау, партияның ішінде фракциялар, топтардың пайда болмауын қадағалау, ұстамсыз, әлсіз партия мүшелерімен, дау-жанжалдармен күрес жүргізу, партияны дұшпандық көзқарастағы және лайықсыз адамдардан тазарту» деп көрсетілді. Шын мәнінде Қазақстандағы Жұмысшы-Шаруа инспекциялары, Бақылау комиссиялары мемлекеттік жазалау органы ретінде қызмет атқарды.

Зерделеудің негізгі дереккөзі – партиялық және кеңестік мемлекеттік билік органдарының құжаттары мен материалдары. Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа инспекцияларының республикалық органы ұйымдастырған партиялық тазалаулар науқандарына қатысты құжаттары іздеп табылды.

БК (б) П Орталық Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа инспекциясының жергілікті органдарының КСРО-ның әкімшілік жүйесін қалыптастыруға, ұжымдастыру, бай-кулактарды тәркілеуде, 1920 жылдардың басындағы қуғын-сүргіндерді жүргізуге қатысуы барысындағы жұмысы жаңаша көзқараста зерттеу нысанына әлі айнала қойған жоқ. Сонымен қатар 1920–1930 жылдардағы Бақылау комиссиялары – Жұмысшы-шаруа инспекциясының жұмыстарының ерекше түрлері мен әдістері жан-жақты талдауды талап етеді.

Мамандар саясаты мен партия ұяларындағы тәртіпті орталықтандырылған түрде бақылау күшейді. Лауазымнан босату, партиядан шығару және құқықтарынан айыру сияқты жазалау түрлері көбейді.

Ішкі партиялық күрестерде партия ішіндегі оппозиция (оңшыл немесе солшыл бағыттар, сын немесе басқаша ойлау) аясында қуғындау саясатының көлемі комиссиялар арқылы жүргізілді. Мемлекеттік саяси басқарма (ГПУ) кейіннен Ішкі істер халық комиссариаты партиялық комиссиялармен одақтаса отырып, түрлі салалардағы «жаулар» мен «тап жауларына» қарсы қатаң

шаралар қолдануды күшейтті. Тұтқынға алу, жер аудару және лауазымынан айыру сияқты жазалаулар әлеуметтік-саяси жағынан әсер етті. Қоғам мен өңірлер үшін бұл саяси қысым мен өзін-өзі бақылаудың атмосферасын көтерді. Қызметкерлер мен жергілікті басшылар қателеспеуге және сенімсіздік тудырмауға тырысты. Бюрократизм мен орталықтандырылған басшылыққа бағыныстылықтың күшеюінен өңірлер мен салалар партияның бақылаушы органдары мен мемлекеттік құрылымдарының шешімдеріне тәуелділікке ұшырады.

Орталық Бақылау Комиссиялары-Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы КСРО-дағы қуғындау аппаратының одан әрі дамуына барынша ықпал жасады.

Зерттеуші А.В. Санниковтың қорытындылауынша кеңестік саяси жүйедегі партиялық бақылау институтының ролі оның функцияларының жиынтығымен анықталды. Коммунистердің саяси адалдығы мен мінез-құлқын қадағалаудан басқа, бақылау органдары халық пен билік арасындағы байланыс арнасын құрды. Төменнен жоғарыға жасалатын байланыс әкімшілік құрылымдар өкілдерінің қызметіне шағымдарды жинау, жаппай көңіл-күйді бақылау «сын және өзара сын» науқандарын өткізу арқылы жүзеге асырылды. Жоғарыдан төменге жасалатын байланыс ақпараттық-насихаттық жұмыс арқылы жүзеге асырылды. Бақылау комиссияларының күш-жігері әкімшілік аппараттың жұмыс істеу тиімділігін арттыруға да бағытталды: олар басқарушы кадрларды іріктеуге қатысты, әкімшілік штаттар мен шығындарды оңтайландыруға, есептілікті жеңілдетуге және т. б. ықпал етті [Санников, 2020].

Чувашиядағы ЖШИ органдарының қызметі туралы зерттеу еңбегінде М.Ю. Харитонов пен С.Б. Харитонова 1929 жылғы партиялық тазалауларға тоқталып өтеді. 1929 жылы сәуірде өткен БК(б) П XVI конференциясының шешімдерінің бірі ЖШИ органдарына аппаратты түбегейлі тазалауды өткізу туралы ұсыныс еді. Мемлекеттік аппарат тазалау барысында «таптық бөтен элементтерден босату және жұмысшы-шаруа қатарынан мамандарды толықтыру, еңбекшілердің қажеттіліктері мен қамқорлықтарын қанағаттандыру және қол жетімді болу» қажеттілігі айтылды.

КСРО ЖШИ ХК арнайы әзірлеген мелекеттік аппаратты тазалау туралы нұсқаулығында «тазаланушылардың» үш категориясы қарастырылды. Біріншісіне, түзелуі мүмкін емес деп табылған адамдар жатқызылды, сондықтан олар кеңестік, шаруашылық және кооперативтік аппаратта жұмыс істеу, зейнеткерлікке шығу құқығынан және т. б. айырылды. Екінші категорияға аталған жұмысқа тәжірибе жүзінде жарамыздығын немесе аталған жерде жарамсыздығын көрсеткендер енгізілді. Олар басқа жұмысқа немесе басқа өңірдегі мекемелерге жұмысқа тұруға мүмкіндік алды. Үшінші категорияға жауапты лауазым атқаруға сенімсіздік білдірілген, бірақ басқа жұмысқа пайдалануға рұқсат етілгендер енгізілді [Харитонов М.Ю., Харитонова С.Б.. 2019].

Қазақстандық архивтерде республикалық, облыстық, округтік, аудандық, уездік Бақылау комиссиялары, жұмысшы-шаруа инспекцияларының архивтік қорлары сақтауға алынған. Атап айтқанда: Алматы облыстық мемлекеттік архивінде Жұмысшы, шаруа және қызыләскер депутаттарының Жаркент қаласында орналасқан Жаркент уездік, Лепсі қаласындағы Лепсі, уездік кеңестерінің жұмысшы-шаруа инспекцияларының 1919–1923 жылдардағы № 2 қор, 91 сақтау бірлігі, Панфилов филиалында 1919–1923 жылдардағы № 274 қор, 33 сақтау бірлігі, Үшарал филиалында 1920–1923 жылдардағы № 107-қор, 58 сақтау бірлігі есепке алынған. Бұл ұйымдар БОАК 1920 жылғы 8 ақпандағы декреті негізінде құрылған. 1924 жылы наурызда Түркістан КП уездік партия комитеттерімен біріктірілген. Құжаттарының қатарында: Еңбек халық комиссариаты, ЖШИ Халық комиссариаты және Жетісу облыстық ЖШИ қаулылары, циркулярлары және нұсқаулықтары бар. Уездік инспекцияның бұйрықтары, бөлімдердің қызметкерлерінің жиналыстарының, алқа мәжілістерінің хаттамалары, инспекция жұмысы туралы есептер, баяндамалар, мекемелер мен ұйымдарды тексеру актілері, қаржылық тәртіпті сақтауды тексерулер актілері жинақталған. Қытайдан оралған босқын қазақтарға көмек көрсету бойынша құжаттар бар (1920–1922) [Сарсенова, Чаушанская, 2007].

Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты (БК (б) П Қазақ Өлкелік БК – ҚАКСР ЖШИ ХК). № 719-архивтік қорында 5 тізімдеме, жалпы саны –1925–1934 жылдардағы 6031 сақтау бірлігі есепке алынған.

1925 жылғы 21 ақпанда РК (б) П Қырғыз Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қырғыз АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы ретінде құрылған. 1925 жылғы 15–19 сәуірдегі Кеңестердің V съезінің қаулысымен Қырғыз АКСР атауы Қазақ АКСР болып қайта аталуына орай РК (б) П Қырғыз Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қырғыз АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы РК (б) П

Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы болып өзгертілді. БК (б) П XIV съезінің (18–31 желтоқсан 1925 ж.) қаулысына сәйкес РК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ АКСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы БК (б) П Қазақ Өлкелік Бақылау комиссиясы – Қазақ КСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаты болып өзгертілді. 1934 жылы БК (б) П XVII съезінің шешімімен таратылды. Қызылорда, Алматы қалаларында орналасты [Грибанова, Сейсенбаева, 2016].

Бүкілодақтық деңгейдегі жазалаушы органның құрылымдық бөлімшелері жайында Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінің жолсілтерінен анықтауға мүмкіндік бар. Архивтегі РКФСР Жұмысшы-Шаруа инспекциясы (РКФСР ЖШИ ХК) А-406 архивтік қорында 1920–1934 жылдар аралығындағы сақтау бірліктері мен ісі есепке алынған. Олардың қатарында Алқа секретариаты, ұйымдаструшылық-нұсқаушылық, мемлекеттік аппаратты жақсарту жөніндегі бөлім, әкімшілік техника, есептілікті жақсарту, мемлекеттік аппаратты жақсарту бөлімдері, ведомстволық рационализациялау және мамандар тобының, орталық штат комиссиясы және құрылымдық-штаттық инспекция; әкімшілік, кеңестік құрылыс, қаржы, экономикалық, қаржы инспекциялары, ауыл шаруашылық; сауда, өнеркәсіп және еңбек, өнеркәсіп және еңбек топтарымен, құрылыс, коммуналдық, жол, текстиль, азық-түлік өнеркәсібі және өндіріс кооперациясы; сауда топтарымен, жабдықтау және кооперация, қоғамдық тамақтандыру және баға инспекциясы; ауылшаруашылық топтарымен; совхоз-колхоз құрылысы, мал шаруашылығы және техникалық дақылдар; еңбек, әлеуметтік сақтандыру және денсаулық сақтау топтарымен, әлеуметтік-мәдени, көпшілік халық ағарту, кадрлар, денсаулық сақтау және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету; жоспардан тыс бақылау мен тексеру тобымен, әскери; қаржы, жеке құрам бөлімдері қызмет атқарды [Мироненко, Барковец: 1996]. Архивтік анықтамалықтардағы құжат түрлерін талдау көрсеткендей бақылау органдары салалардың барлығына дерлік араласты. Бақылау органдарының жұмысының сан салалы болғандығын архивтік анықтамалықтардағы деректер ашып көрсетеді.

БК (б) П Қазақ өлкелік Бақылау комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа инспекциясының 1927–1930 жылдардағы жұмысы туралы есебі бақылау органдарының үш жылдағы қызметін баяндайды. Мұнда «жергілікті партия ұйымдары бақылау комиссияларының уәкілдерінің маңызын әлі де түсінбеді» деп айыптайды. Өздеріне бекітілген міндеттердің ауқымдылығын түсінбейтін, дұрыс атқара алмайтын адамдарды лауазымға тағайындайды деп партия ұйымдарын сынға алады. «Партиялық тазалаулар кезінде уәкілдердің біраз бөлігі партиядан шығарылды, бір бөлігі қызметіне лайық емес ретінде жұмыстан алынды. ОББ берген тапсырмалар мен директивалардың көпшілігін уәкілдер орындамайды. Уәкілдер көбінесе партия істерін талқылаумен ғана айналысады» деп көрсетті [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 2]. Бақылау органдарының жазалау органы ретінде жұмыс істемейтіндігін сынға алады.

Партиялық тазалауларды жүргізудегі осы іріктемелі көзқарасты кезінде-ақ қуғынға ұшыраған большевик Л. Троцкий байқаған еді. Эмиграцияда жүріп ол КСРО-дағы партия шенеунігінің тағдыры туралы былай деп жазды: «Егер ол ұрлық жасаса, пара алса немесе берсе, бағыныштысын ұрса немесе зорласа, бір сөзбен айтқанда, «партиялық этикаға қарсы ауыр қылмыс» жасаса да, билікке адал болып қалса, мұндай «пайдалы адамға» басқа жұмыс беру керек... Қаталдық тек саяси қарсыласқа қатысты ұсынылады. Бағынғыш парақор – жау емес, ал адал оппозиционер – өлімші жау». Бұл сөздерге жүз жылдан асты – бірақ кеше ғана жазылғандай әсер қалдырады [Герчиков, 2013].

Мемлекеттік аппарат пен партия ұйымдарының құрамын тазалау жұмыстары жүргізілді. 1929 жылғы сәуір айында өткен XVI партия конференциясы «үлгі ретіндегі тазалаулардың» нәтижесін шығарды. Мемлекеттік аппараттың «басты тазалауын» өткізу туралы шешім қабылдады. 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында мемлекеттік аппараттардағы тазалаулар индустриализация, жаппай күштеп отырықшыландыру, мәжбүрлі ұжымдастыру, мәдени революциялармен бір мезгілде жүргізілді. Бесжылдық жоспарын орындаумен қатар партиялық тазалаулар ең басты міндеттің қатарына жатқызылды. Бұл саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірдің маңызды оқиғасы ретінде қабылданды. Бұқаралық аппарат құралдарында осы тақырыпқа қатысты мыңдаған жарияланымдар жарық көрді.

Тазалаулар барысы жайлы жазылған барлық жұмыстардың негізіне бір ғана жүйе жатты. Мемлекеттік аппараттың құрамына еніп кеткен таптық жат элементтердің социалистік құрылысқа тигізген кері әсері жайлы баяндалды. Мемлекеттік аппараттың таптық санасын жат элементтердің жаулап алғандығы «дәлелденді». Бейнелеп келтіру үшін Жер ісі халық комиссариаты мен Қаржы

халық комиссариаттарындағы «бөтен идеялар лабораториясының» өркендегенін мысалға келтірді. Мемлекеттік аппараттардағы «идеологиялық зиянкестіктердің» қайнар көзі ретінде «бұрынғылардың» әрекетіне басты назар аудару қажеттігі көтерілді.

Одақтық маңыздағы орталық мекемелерде тазалауға басшылық жасау және оны жүргізу үшін КСРО ЖШИ ХК жанынан Кеңестік аппаратты тазалау жөніндегі Орталық комиссия құрылды. Ал республикаларда тиісті комиссиялар құрылып оларға республика аумағында аталған науқанға басшылық жасау міндеттелді. Комиссияның құрамына ЖШИ ХК өкілдері, ОБК мүшелері, завод, фабрика жұмысшылары, ал 1929 жылғы маусымның ортасынан бастап БК (б) ОБК – КСРО ЖШИ ХК шешімімен барлық комиссиялардың құрамына ОГПУ өкілдері кірігізілді. Олардың құзіретіне мемлекеттік аппараттарда жұмыс істейтін адамдардың бұл қызметке лайық немесе лайық еместігін айқындау мүмкіндігі берілді. Комиссиялардың шешімдері «тазаланғандардың» еңбек тізімдеріне жазылды. Орталық немесе республикалық комиссиялардың атына жазылған апелляцияларды қарау үшін үштіктер құрылды [Киселева, 2014: 35]. Үштіктердің қарауына ұсынылған арыз-шағымдар негізінде тергеу істері құрастырылды.

Отандық тарихнамада тарихи зерттеулерде тарихи-антропологиялық тәсіл кеңінен қолданыла бастады. Ғалымдар қарапайым адамның өміріне, нақты тұлғаның тағдырына назар аудары бастады. «Күнделікті тарихқа» арналған зерттеулер саны өсе түсуде. Алайда осы күнделікті тарихты, жекелеген адамдардың өмірі мен өмірбаяндарын – тарихи оқиғалардың кіші және ірі қатысушыларының тағдырын ашып көрсететін тарихи дереккөздердің тапшылығы айқын сезіледі. Бұрынғы Коммунистік партияның архивтерінің қорлары жалпы көлемінде елеулі орын алатын партиялық тергеу істері, жеке істер, дербес істерді ең құнды дереккөздер қатарында атауға болады.

Персоналдық (дербес) істер партиялық тәртіпті бұзған, әртүрлі себептермен – саяси, қылмыстық, моральдық-тұрмыстық және басқа да жағдайлар бойынша – өз беделіне нұқсан келтірген адамдарға қатысты жүргізілді. Персоналдық іске әдетте мынадай құжаттар енгізілді:

– коммунистің КОКП Жарғысы мен Бағдарламасының талаптарын бұзғаны туралы арыз, хат немесе хабарлама;

– коммунистке тағылған айыпты растайтын құжаттар, партиялық тергеу материалдары;

– тағылған айып бойынша коммунистің жазбаша түсініктемесі;

– коммунистке берілген жан-жақты әрі объективті мінездеме;

– қабылданған шешім жөнінде партия ұйымдары жиналыстары мен бюро хаттамаларынан үзінділер [Яркова, 2006].

Алғашқы партиялық тазалау (бұл термин Ленинге тиесілі) 1921 жылы өтті. Партия мүшелерінің әлеуметтік шығу тегі мен Азамат соғысына қатысуы басты назарға алынды. 1922 жылға қарай БК (б) П мүшелерінің саны 732 мыңнан 410 мың адамға дейін қысқарды. Шамамен үштен бірі «тұрақсыздығы» мен «жалқаулығы» үшін партия билеттерінен айырылды, төрттен бірі «өз басының қамын күйттеуі» және «буржуазиялық өмір салты» үшін шығарылды. Коммунистердің 3 пайыздан астамы жаңа экономикалық саясатқа келіспейтінін білдіріп, партиядан өз еркімен кетті.

Келесі партиялық тазалау 1929 жылы өтті. Ұсақ буржуазиялық стихиямен күрес жариялау мақсатымен жүргізілді. Кеңестік «жаңа тілде» бұл, шын мәнінде, шаруаларға қарсы бағытталғанын білдірді. Нақтырақ айтқанда, әскери коммунизм кезеңіндегі азық-түлік салғыртынан және кейінгі ұжымдастырудан партия билеттері арқылы қорғануға тырысқан шаруалардың бір бөлігіне қарсы жүргізілді.

Алайда большевиктер партиясының қатары қарқынды түрде өсе берді. Тек екі жылдың ішінде, 1931–1932 жылдары партия қатарына 1,4 миллион жаңа мүше қабылданды. Бұл алдыңғы тазалаудан кейін партияда қалғандар санымен шамалас еді. Жоғары партия басшылығы мүшелікке қабылдау тиісті тексерусіз жүргізілді деп алаңдаушылық білдірді. Ал КСРО-ның жабдықтау жөніндегі халық комиссары А. Микоян кеңестік сауда қызметкерлерімен өткен кеңесте: «Коммунистке ұрлау басқаларға қарағанда жеңілірек. Оны партия билеті қорғайды» – деп ашық айтты [Герчиков, 2013].

Бақылау органдарының архивтік қорларында сақталған партиялық-тергеу, жеке, дербес істер партиялық тазалауға ұшыраған партия мүшелеріне қатысты ашылды. Апелляциялық-дау-жанжалдарды шешу істерін қарауда мәселелері қаралып жатқан коммунистердің өздері қатысып отырды. Істе жан-жақты жазылған өмірбаяндық деректер (туған жылы, ұлты, әлеуметтік шыққан тегі, соңғы жұмыс орны) тіркеледі. Жеке істерде жасаған қылмысының сипаттамасы беріледі. Ол «Істің мәні» деп аталды [Сатаева, 2019].

Өңірлердегі жүргізілген партиялық тазалауларға қатысты тергеу істері науқанның жүргізілу әдісінен ақпарат береді.

БК (б) П Щучинск аудандық Бақылау комиссиясы Ақмола округтік Бақылау комиссиясының БК (б) П Атбасар ұйымының партиялық құжаттарының қатарында жұмысқа салғырт қарағаны үшін Зияда Әбенювке қатысты қозғалған партиялық-тергеу ісіне назар аударалық. 1929 жылы 12 шілдеде басталған іс 24 тамызда аяқталған. БК (б) Атбасар уездік бюросының 1928 жылғы 12 шілдедегі № 44 хаттамасында партия активінің ауыр құбылыстары туралы мәселе қарайды. 1926 жылдан партия мүшесі Әбенюв Әкімшілік бөлімде жұмыс істеп жүрген кезінде Қылмыстық іздестіру бөлімінің агенттерінің қолына берер кезде Мағзумовтың ісінен бірнеше айыптау құжаттарын алып тастаған, пакет жоғалтқан. Сонымен қатар ол екі барымташы қылмыскерді олар тұтқында отырған жерлерінен үш күнге демалысқа босатқан. Әбенювке қатаң сөгіс берілді. 1928 жылғы 24 тамыздағы Ақмола округтік Бақылау комиссиясының Партия алқасының мәжіліс хаттамасында тағы да қаралып, Әбенювтың құжаттарды жоғалтқаны дәлелденбеді деп есептелсін, маңызды қылмыскерлерге жұмсақ қарағаны, оларды үш күнге босатып жібергені үшін «поставить на вид»^{1*} деген ескерту берілді [Ақмола облыстық мемлекеттік архиві. 278-қ. 61-іс. 2, 3, 33-п.].

Басшылық «партиялық бағытта көшпелі үштіктер арқылы ұялардың жиналыстарында партия істерін талқылау тәжірибесін күшейту; айыпталушылардың өздері мен тиісті ұялардың хатшыларын қатыстыра отырып істерді талқылау тәжірибесін ұлғайту, партия алқасының барлық жұмысы туралы «қорытынды мақалалар, сипатты және үлгі істер туралы баспасөзде жариялау» қажет деп тапсырды». Партиялық істерді қарау үшін көшпелі үштіктер тәжірибесі қолға алынды. Алғашқы кезде «... көшпелі үштіктердің саны өте аз ары кетсе 10 шақты ғана ...» еді. Олардың партиялық бағытты жүргізу үшін пайдалану қажеттігі атап өтіледі [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 5].

1927–1930-жылдардағы жұмыс туралы есепте «Бақылау комиссияларының көпшілік арасындағы жұмысы әлсіз» деп көрсетілді. «Көпшілік бұқара алдында БК-ЖШИ жұмысы туралы есеп жеткіліксіз деңгейде және баспасөз беттерінде жарияланбайды» деп байбалам салды [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 6].

Жиында жасалған есептен соң мерзімді басылымдар партиялық тазалауларға баса назар аударды. Өшкерелеуші мақалалар жариялана бастады. Қазақстандық Бақылау комиссиялары-Жұмысшы-шаруа инспекциясының атқарған жұмыстары туралы бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты түрде жарияланып тұрды. «Өлкелік және округтік мерзімді басылымдарда бақылау комиссияларының идеяларын насихаттау және жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндалды. Өлкелік қазақ, орыс газеттерінде «Листок РКИ», «ЖШИ парағы» деген атаумен берілген бөлімдерде ОБК президиумы мен ЖШИ алқаларында қаралған мәселелер, міндеттер жайлы мақалалар жарияланды. «ЖШИ парағы» қосымшасының «Советская степь» газетінде 42 нөмірі, ал «Еңбекші қазақ» газетінде 36 нөмірі шықты. Аталған газеттерде 1928–1930 жылдары 42 мақала дайындалды» [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 8].

БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті мен Бақылау комиссиясының мүшелері де тазалаудан өткен. Өлкелік комитеттен 54 адам, бақылау комиссиясынан 43, барлығы 97 адам тазалаудан өтуі тиіс болды. Өлкелік комитет мүшесі А. Кенжин Алашордадағы белсенді әсекери қызметі үшін, Өлкелік комитет мүшелігіне кандидат Ә. Байділдин Колчактың контрбарлау қызметкері болғаны үшін, Бақылау комиссиясының мүшесі, Петропавлдағы еңбек инспекторы Домбровский Колчак армиясының Каппел полкінің еріктісі және Қазан қаласындағы коммунистерді атуға қатысқаны үшін партия қатарынан шығарылды. Бұл фактілер тексеру барысында анықталды.

Өмірбаяндарындағы кейбір деректерді көрсетпегені үшін (Құлымбетов, Чудновский), бөтен элементпен байланысы үшін (Нұрпейісов, Әйтешов), салғырттығы және пассивтілігі үшін (Исабеков, Шилов) партиялық жазалар тағайындалды. Өлкелік Бақылау комиссиясының мүшесі Шулаков бөтен элементпен байланысы, діншілдігі және пассивтілігі үшін Бақылау комиссиясы алқасының мүшелігінен шығарылды [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 31].

Бақылау комиссиялары сонымен қатар ауыл-деревня партия ұяларының ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, астық дайындау науқандарына қатысуын да бақылауға алды. Колхозға кіруге қарсы болғаны үшін 96 адам партия қатарынан шығарылды. Бұл жалпы шығарылғандардың 2 пайызын құрады. Астық дайындау ісінде де Семей округі Үржар ауданында, Павлодар округінде аудандық

^{1*} Ескерту түріндегі партиялық жаза.

комитет қызметкерлері астық дайындауға қарсы шыққан. Петропавл округінде коммунистер астықтың жеткіліксіз болуынан жалған квитанциялар өткізуге мәжбүр болған. Коммунистердің өздері жиналыстарда: «бізді, деревня коммунистерін шынжырлаулы иттер сияқты шаруаларға қарсы айдап салып отыр», «Кеңестік билік крепостнойлық құқықтан да жаман» деп айтқандығы жайлы көрсетіледі [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 40].

Жұмысшы-Шаруа инспекцияларының жұмысына комсомолдың «жеңіл кавалериясын» тартуға баса назар аударылды. ЖШИ ХК-да 187 адам, ал ОББ қатарында 1128 адам болды. Жеңіл кавалерияның мүшелері БК-ЖШИ жанынан құрылған Арыз-шағымдар бюросының қызметімен айналысты [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 8].

Арыз-шағым бюросы 1926–1927 жылы 6694 шағымды қараса, осы есепті мерзімде олардың саны 17735-ке өсті. Яғни большевиктік эмиссар Ф. Голощекиннің «Қазақстандағы Кіші қазан» халыққа қарсы жүргізген революциялық доктринасына наразылық күшейе түскен. Арыз-шағымдардың саны 3 есеге дейін өскен. Мұның өзі бұқара халықтың партия-кеңес жұмыстарына көңілі толмайтындығын, наразылықтарын білдіреді. Ауызша айтылған арыздар мен шағымдарды есепке алса, біріккен Бюроға күніне орта есеппен 250–300 шағым келіп түскен [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 9].

Арызданушы көпшіліктің әлеуметтік құрамы төмендегі кестеден көрінеді:

Кесте 1. [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 9]

Арызданушылардың әлеуметтік тобы	Есепті мерзімде				Алдыңғы уақытта
	Округтар бойынша	Орталық шағымдар бюросы	%	%	Жағдайдың % %
Жұмысшылар	1963	394	2357	13,3	7,9
Шаруалар	5972	505	6477	37,4	26,3
Қызметшілер	3657	626	4283	24,1	27,7
Қызыләскерлер мен мүгедектер	270	74	344	1,8	2,4
Кәсіпшілер мен азат мамандық иелері	212	154	346	1,8	5,8
Шаруалар қоғамдары	133	20	153	0,8	1,2
Жұмыссыз элементтер	449	45	594	2,7	1,6
Қоғамдық және мемлекеттік мекемелер	1747	591	2288	12,7	13,4
Газет хабарлары	435	105	540	3,0	–
Басқалар	373	80	453	2,7	11,9
Барлығы	15241	2494	17735	100	100

Бұл кесте көрсеткендей есепті мерзімде Арыз-шағым бюросына жұмысшылар мен шаруалардан келіп түскен арыздар көлемі өскен.

Жаппай күштеп отырықшыландыру, егістік және шабындық жерлерді қайта бөлу, тәркілеу, жер аудару жұмыстары ауылдар мен деревняларда өткізілгендіктен шаруалардан келіп түскен арыз-шағым басқа арызданушыларға қарағанда анағұрлым көп. Жұмысшылардан 1963, қызметшілерден 3657, қоғамдық және мемлекеттік мекемелерден 1747 шағым келіп түскен. Ал шаруалардан 5972 шағым келіп түскен. Бұл ауылдардағы ауыр жағдайды білдіреді.

Аталған есепте «соңғы уақыттың ішінде ауыл-деревня тұрғындарынан астық дайындау және ұжымдастыру жұмыстарына байланысты асыра сілтеулер мәселелері жөніндегі арыз-шағымдар ағыны толастамай отырғандығын» көрсетеді.

Арыздарды қарау нәтижесінде жасалған ескертулер туралы нақты дерек жоқ. 4 округ бойынша нәтижесінде 3408 қаралған істегі 96 қызметкер сотталған, 62-сі жұмыстан босатылған, 132 басқа да сөгістер берілген [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 10].

Большевиктік билік өзінің өмір сүрген алғашқы жылдарынан-ақ азаматтардың арыз-шағымдарына баса назар аударды. Мемлекеттік аппарат пен лауазымды тұлғалардың қызметіне жасалған арыз-шағымдар мемлекеттік бақылау құралына айналды.

Төменгі буындағы партия ұйымдарының қызметкерлері астық дайындау және басқа да саяси науқандарды жүргізудегі «салғырттығы» үшін лауазымдық қылмыс жасады деп айыпталды. Басқаша айтқанда ауыл мен деревнядағы таптық күрестің күрделенген жағдайында таптық жағына бөтен немесе сенімсіз түрлерін іріктеу жүріп жатты. Лауазымдық қылмысы үшін жазаға тартылғандар саны жазаланғандардың жалпы санының 31 пайызын құрайды. Бұл партия ұйымдарында таптық жағынан сенімсіздер қабаты мен бөтен элементтердің болуынан және мәдени дамудың төмендігінен орын алды деп атап өтеді [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 12].

Таптық жағынан сенімсіз белгісімен жазаланғандарды жалпы бұқарадан бөліп қараса төмендегідей көрініс шығады:

Кесте 2. Таптық жағынан сенімсіз белгісімен жазаланғандар [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 12]

Фракциялық күреске қатысқаны үшін жауапқа тартылғандар	14
Антисемитизм -*-	15
Бөтен элементпен байланысы үшін -*-	150
Партияны жеке мүддесі үшін пайдаланғаны үшін -*-	87
Бөтен элемент -*-	45
Барлығы	311

311 адам немесе жауапқа тартылғандардың 22,2 %-ы «бөтен немесе қайта жасалған элемент» болып табылады деп көрсетеді. 1929 жылдың алғашы жартыжылдығындағы жауапқа тартылғандардың жартысына жуығы партия қатарының таптық тазалығы үшін күрес бағыты бойынша жүргізілген. Аталған санат бойынша 192 адам немесе 61,7 %, жалпы есеппен алған партия қатарынан шығарылғандар 45 % құрайды. Және шығарылғандардың пайызы жыл өткен сайын жоғарылай берген: 1926 ж. – 29,7%, 1927 жылы – 34 %, 1928 жылы – 38 %, 1929 жылы – 45%. Бұдан шығатын қорытынды, ауыл-деревняларда жүргізілген ұжымдастыру, отырықшыландыру, партиялық тазалаулар, байлардың мал-мүлкін тәркілеу сияқты голощекиндік революциялық екпінде жүргізілген науқандарға қарсылық күшейгендігі көрінеді [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 13].

Партиялық тергеу істерінің жоғары ақпараттық потенциалын атап өту қажет. Тарихи кезеңнің бір сәті арқылы Ұлттың, елдің бүкіл тарихын зерделеуге мүмкіндік береді. Жергілікті халықтың құқықтық, саяси, әлеуметтік және тұрмыстық құрылымының жалпы сипаттамасын осы құжаттардың негізінде ұсынуға болады.

1930 жылғы 5 маусымдағы партиялық тазалаулар жиналысында Жиреншин Қарқабаттың ісі қаралды. Қ. Жиреншин Тұтынушылар одағының тазалау жөніндегі комиссиясының шешіміне қарсы арызданған. Бұрынғы алашордашының баласы, әкесімен байланысын және оның мүлкінің 1929–1930 жылдары тәркілену себептерін жасырған үшін және кооперативтік аппаратты өзінің идеологиясы бойынша қамтамасыз ете алмаған, жұмысқа салғырт қарағаны және қоғамдық жұмыстарға ешқандай қатыспаған жан ретінде екінші категорияны қойғанын дұрыс емес деп арызданған. Жиреншиннің арызы комиссияның шешімінде қойылған айыптарды жоққа шығара алмағандықтан сауда-кооператив ұйымдарында жұмыс істей алмайды деген екінші категориялы жаза тағайындалады [Абай облысының мемлекеттік архиві. 577-қ. 1-т. 6-б. 48-іс. 131-п.].

Қазақ ауыл шаруашылығы банкі мен Семей несие серіктестігінің аппаратты тазалау жөнінегі комиссиясы 1930 жылы 11 маусымда Ишмухамет Шәкенұлы Алинді тексеруден өткізді. «1900 жылы бақуатты қазақ малшының отбасында дүниеге келген. 1912 жылы Жаңа Семейдегі мектепке оқуға түскен. 1917 жылға дейін әкесінің қарауында болған. 1918 жылы әкесі қайтыс болған. 1918 жылы Анненковты отряды әкесінің інісін өлтірген, Енисей губерниясына 3 бауыры жер аударылған. 1919 жылғы дейін ағалары жасырынып жүрген. 1919 жылы Алин ревком ұйымдастырушысы болып тағайындалды. 1920 жылы ақпараттық съезге делегат болып сайланды. 1920–1923 жылдары халықтық тергеуші, халық соты қызметін атқарды. 1923–1926 жылдары округтік жер басқармасы аппаратында, 1926–1928 губерниялық жер басқармасында, ал 1928 жылдан қазіргі уақытқа дейін

Қазақ ауыл шаруашылығы банкінде аудандық инспектор болып жұмыс істеді. «Әкең бар ма? Қазіргі отбасың қандай? Қандай қоғамдық жұмыстар атқарасың? Ақ әскерде қызмет еттің бе? Әскерге қандай жолдармен кірмедің? Неге партияда жоқсың? Әкең бар кезде жалшыларың болды ма?» – деген сұрақтар қойылды. «Қазақ болғандықтан ақтың әскерінде қызмет етпедім. Партияға қабылдау туралы арызымды менің үстімнен материал бар деп қайтарып берді. Жұмысшы болды» – деп жауап берді. Жарыссөзде Бекметов: «Алин құнды қазақ қызметкері» – деп көрсетті. «... тексерілді деп есептелсін. Бай шонжардың баласы ретінде Алин барлық кеңестік мекемелерде 3 жыл бойына жауапты басшы лауазымдарды атқару құқығынан айырылсын» деген қаһарлы қаулы қабылданды [Абай облысының мемлекеттік архиві. 577-к. 1-т. 10-б. 87-іс. 42-п.].

1930 жылғы 11 шілдедегі Семей округтік Жұмысшы-Шаруа инспекциясы жанындағы кеңестік аппаратты тазалау жөніндегі Апелляциялық үштіктің жиналысының № 10 хаттамасында Жаназаров Сәлім Қожахметұлының (Зайсан ауданындағы Қорғаушылар алқасының мүшесі) ісі бойынша материал қаралды. Ол: «1) тығыз байланыс орнатқан кулактарды қорғады. 2) әкесімен бірге шетелге эмиграцияға кетті» деп айыпталды. Оның ісін қараған Зайсан ауданындағы төменгі кеңестік аппаратты тазалау жөніндегі комиссия «комиссия мүшелігі құрамынан шығара отырып Семей округі аймағында 5 жыл бойына қандай ді бір лауазымды атқаруға тыйым салынсын» деген қаулы қабылдады.

Семей округтік комиссиясы: «Жаназаров 1) Қорғаушылар алқасының мүшесі қызметін атқару кезінде байлар мен кулактардың мүддесін қорғау мақсатында (кім көп ақша төлесе, соны қорғады) жұмыс жүргізді; 2) кулактармен сонымен қатар Семей округінен тысқары жер аударылған қайын атасы, ірі бай Төгісовпен тығыз қарым-қатынас орнатты және әлі де байланыс жасауда; 3) 1917–1918 жылдары қашқын ретінде шекара сыртында болды, сондықтан Жаназаров өз идеологиясы бойынша Қорғаушылар Алқасының мүшесі ретінде қалдырыла алмайды. ЖШИ ХК Нұсқаулығының екінші категориясын қолдану арқылы Сот, Прокуратура, Еңбек Халық комиссариаты және Қорғаушылар Алқасында және КСРО шекаралас аудандарында және барлық басқа да мекемелер мен ұйымдарда, төменгі кеңестік аппаратта жауапты лауазымдармен айналысуға тыйым салынсын» деп қаулы қабылдады [Абай облысының мемлекеттік архиві. 577-к. 1-т. 6-б. 48-іс. 87-п.].

Тазалау жұмыстарын қарқынды түрде жүргізіп, «жат элементтерді» жұмыстан шығарғанымен олардың (сауатты, білімді, білікті мамандардың) орнын басатындар аз еді. 1930 жылғы 9 шілдедегі хаттаманың қарарында: «... тазаланғандардың лауазымдарын атқаратын жеткілікті деңгейде дайындығы бар қызметкерлердің болмауы, әсіресе техникалық сауаттылықты және арнаулы білімді талап ететін (хатшылар, есепшілер, бухгалтерлер және т. б.) лауазымдар). «Тазалаудан» өткендер аппараттарда өз орындарында қалып, аппараттарды «тазалаудың» саяси мәні мен мағынасы жойылып кетеді. Бұған жол беруге болмайды» деп атап көрсетілді [Абай облысының мемлекеттік архиві. 577-к. 1-т. 6-б. 48-іс. 95-п.].

1930 жылғы 6 шілдедегі апелляциялық үштіктің жиналысында Исламғали Жолдыбаевқа «Союзмясо» дайындау ұйымының Зайсан пунктiнiң меңгерушiсi «саудагердiң баласы», «өзiнiң терi өңдеу зауытының иесi», ауқатты кулактардың малын сатып алуда лимиттік бағаны көтеруді жүзеге асырды» деген айыптар тағылды. «Тазаланушыға» Дайындау мекемелерінде жұмыс істеуге тыйым салынды.

Зайсан аудандық атқару комитетінің қызметкері Абылханова Фариха Хасанқызына «1920 жылы шетелге қашып кеткен бұрынғы көпестің қызы» және «келушілермен дөрекі сөйлескені үшін» төменгі кеңестік аппаратта жұмыс істеуге тыйым салды.

Орманов Шәріпке «бұрынғы ірі саудагер, Алаш Орда армиясында белсенді түрде қатысушы және ерікті түрде қызмет етуші, Зайсан қаласын қызыл әскерлер басып алған кезде шетелге қашып кеткен, ауқатты кулактардың малын сатып алуда лимиттік бағаны көтеруді жүзеге асырды» деген айыптар тағылды. Оған да төменгі кеңестік аппараттарда жұмыс істеуге тыйым салынды [Абай облысының мемлекеттік архиві. 577-к. 1-т. 6-б. 48-іс. 99, 100-п.].

Байлардың мал-мүлкін тәркілеуде өз туысқандары туралы арыз жазбағаны және пассивтік танытқаны үшін өлкелік және округтік қызметкерлердің 35 %-ы жауапқа тартылды [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 14].

4). Отбасы институтына қарсы жұмыстар басталды. Бауырдың бауырға қарсы іс-әрекеті большевиктік билік тарапынан қолдауға ие болды.

1928 жыл мен 1929 жылдың алғашқы жартыжылдығында фракциялық жұмыстары үшін 33, оның ішінде 29 қызметші жауапқа тартылды, барлығы қызметші болып табылатын 10 адам партия мүшелігінен шығарылды [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 16].

Оңшыл ағым мен солшыл асыра сілтеулер астық дайындау, партия мен мемлекеттік аппаратты тазалау, ал оның алдында бай-жартылай феодалдардың мүлкін тәркілеу барысында анағұрлым көп болды. Сот орындары, ауыл шаруашылық кредиттері және қаржы органдарының жұмысында оңшыл ағым мен ауыз жаласулар болғандығын ашты. Гурьев, Семей, Орал және Ақтөбе округтерінде осы жағдай көп орын алды. Сот және қаржы органдарының бірқатар ұялары қайта тексеруден, тазалаудан өтті, бірқатар жұмысшылар жұмыстан алынды, бір бөлігі сотталды [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 16].

Жоғарыдан асығыс, шалағай тәртіппен түсірілген директивалар мен нұсқауықтардың орындалмауы белең алды. Мұны бүркемелеу мақсатында «жергілікті жерлерде асыра сілтеулер» орын алды деп көрсетті. «Солшыл асыра сілтеулердің орын алуы колхоз құрылысында айқындалды. Петропавл округіндегі асыра сілтеулер егістік науқаны мен колхоз құрылысының жүргізілуіне қауіп төндірді. Өлкелік комитет оларды жөндеу үшін округтік басшылықты орнынан алып тастады. Алматы округінде де асыра сілтеулер орын алды. Ұжымдастыру мен егістік науқанының барысына ықпал жасау үшін партиялық билік «сауықтыру ықпалын жүргізіп, түзету әрекеттерін» жасады». Бұл Бақылау комиссияларының жазалау әрекетіне белсене кіріскендігін көрсетеді [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 86].

Ең сорақысы, есепте көрсетілгендей, «Қазақстан бойынша 2 округ, 12 ауданның жаппай ұжымдастырылуы үшін 2 жыл уақыт берілді» [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 17].

Қаншама үлкен аумақты алып жатқан қазақ даласында екі жыл ішінде «европалық нысандағы ауылдар құру» қолға алынды. Бұл партиялық жоғарғы билік өкілдерінің асыра сілтеуі деп бағалануы тиіс.

Әкімшілік негізінде олардың қажетті техникалық-экономикалық жағдайлары болмаса да «гигант» «комбинат» колхоздар ұйымдастырылды. Алматы округінде Еңбекшіқазақ ауданында 3 ауыл шаруашылығынан (көшпелі және жартылай көшпелі) мал шаруашылығымен айналысатын «Гигант», ал Талғар ауданында 15 ауылдық кеңестің аумағында үш агро «Комбинат» ұйымдастырылды. Күшпен ұйымдастырылған колхоздарда шаруаларды ұстап тұру үшін зорлық, күштеу, мәжбүрлеу әрекеттері қолданылды. Қаскелең ауылдық кеңесінің төрағасы кедейлер мен орташаларды колхозға қайтару үшін анықтама бермей қойған [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 18].

Тіпті Қаскелең колхозының басшысы Арефьев ГПУ уәкіліне колхоздан шыққысы келетін 13 адамның тізімін беріп, оларды тұтқындауды сұрады [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 19].

Ұлтаралық қатынас, топшылдық және олармен күрес жүргізу барысын да Бақылау комиссиялары назарында ұстаған. Риддер, Ақжал рудниктерінде, ТүркСібте, Петропавл консерв заводында, Қазақ мемлекеттік баспасының баспаханасында орын алған орыс жұмысшыларының қазақтармен бас араздығы туралы баяндалды. Орыс жұмысшылар қазақтарды лақап аттармен атаған, тамағына шошқа майын салып жіберген, қазақтарды моншаға кіргізбеген, ұрып-соққан және т. б. дәрекі әрекеттерден кейін қазақ жұмысшыларының кәсіпорындардан кетуі жиілеген. Қазақ жұмысшыларын кемсітуді коммунистердің өздері жүргізген. Консерв заводының жалпы жиналысында коммунист бұзақыларды қолдап сөйлеген, Түркісібтің оңтүстік бөлімінде жұмысшылардың көп адамдық жиналысында коммунист: «Қазақтарды қанша үйретсең де – олардан еш пайда жоқ» деп айтқан. Кейбір коммунистердің ұлыдержавалық шовинизмі қазақтарға ғана емес басқа да шығыс және европалық ұлттар еврейлер, немістер, өзбектерге және т. б. қатысты жүргізілді [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 20].

ОБК-ЖШИ ХК 1928–1929 жылдары жүргізген жұмыстары туралы есепте Өлкелік Бақылау комиссиясы, ЖШИ ХК және округтік ұйымдарының ұйымдастыру жұмыстарына қысқаша сипаттама берілді. Есепте көтерілген тақырыптар: Бұқарамен жұмыс және байланыс жасау әдістері, бақылау комиссияларының партиялық жұмысы, партия ұйымдарындағы аурушаң құбылыстар, троцкистік оппозиция, оңшыл ағым және солшыл асыра сілтеулер, асыра сілтеулерді түзету, ұлтаралық қатынас, топшылдық және олармен күрес, «шірінділер» және жедел тазалау, партия ұйымдарын тексеру мен тазалаулар қорытындысы, партия ішлік мәселелерді зерделеу), ЖШИ ХК жұмысы (ауыл

шаруашылығы, сауда, өндіріс, көлік, кеңестік құрылыс, кеңес аппаратын тазалау) [Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б), 1930: 86].

Орталық бақылау комиссиялары мен Жұмысшы-шаруа инспекциясының өлкелік және өңірлердегі құрылымдары саяси-әлеуметтік, өндірістік мәселелердің барлығына қатысты. Жоғары партия ұйымдарына тиісті жазалау шешімдерін шығару үшін қорытындылар әзірледі.

Қазақстандағы бақылау органдарының қызметін кеңестік кезеңде зерттеген А.Ф. Абоянның есебінше, 1926–1933 жылдары партиядан 13251 адам шығарылған, 1929–1930 жылдардағы тазалаулар кезіндегі санды қосқанда бұл 20 мыңға дейін көтеріледі. Жұмысшы-Шаруа инспекциясы халық комиссариатының құрамындағы бақылау органдарының жұмысына да шолу жасалады. А.Ф. Абоянның зерттеуінше 1933 жылдың соңында ЖШИ активі толық емес деректер бойынша 30 мың адамды құрады. Нәтижесінде ЖШИ 700 секциясы, 1600 әрекет ету тобы, 200 шағым бюросы посты, жеңіл кавалерияның 150 отряды құрылды. Тұрақты активтен бөлек тексерілуші кәсіпорындардың қоғамдық ұйымдарының мамандары, өкілдері, үй шаруасындағы әйелдер және т. б. тартылды [Абоян, 1967: 29]. Бұдан шығатын қорытынды: билеуші институт бүкіл қоғамның әшкерелеуші-бақылаушы болуын қалыпта деп санады және бұл жұмысқа қоғамның барлық мүшелерін жұмылдыруды көздеді.

Архив деректері мен ғылыми жарияланымдарды зерделей келе шығатын қорытынды Бақылау комиссиялары-Жұмысшы-Шаруа инспекциясы Халық комиссариаттары 1925–1933 жылдары жүргізілген қуғындаулардың барысында маңызды әрі өзіндік роль атқарғандығы анықталды. Олар партиялық тәртіпті, «бұзақыларды» немесе оппозициялық элементтерді анықтау мен көзін жою қызметін атқарды, сонымен қатар Орталық комитет пен халық комиссариаттарының өңірлік және салалық органдарының есептілігін қамтамасыз етті. Мемлекеттік қуғындау, жазалау органдарымен өзара әрекеттесе отырып, осы кезеңдегі қуғындардың көлемі мен сипатына айтарлықтай ықпал жасады. Халық комиссариаттары партиялық бағыттың шешімдерін жүзеге асырды. Кадрларды тазалау, өнеркәсіптерде, ауыл шаруашылығы мен басқару салаларында қуғындау шараларына араласты.

Партиялық бақылау органдары мен мемлекеттік құрылымдардың өзара бірлескен іс-әрекеттері өңірлер мен салаларға жасалған қысымды күшейтті. Бұл өз кезегінде қуғындау саясатының орталықтандырылған саясаты мен оларды жүзеге асырудың ресурстарын жеделдетуге ықпал жасады.

Нәтижесінде большевиктік билік партиясы жүргізген «партиялық тазалаулар», саяси қуғын-сүргіндерден қазақтың бас көтерер қайраткерлері, көзі ашық сауатты азаматтар жапа шекті. Бұл деректер архивтік құжаттар мен фактологиялық деректер арқылы қайта қарастырылды. Қазақстан аумағындағы тергеу, тексеру, бақылау қызметін атқарған институт – Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары жұмысына қатысты деректер ғылыми айналымға түсірілді. Ғылыми әдебиеттердегі деректермен салыстырыла отырып талдау жасалды.

Бақылау комиссиясы-Жұмысшы шаруа инспекциялары бюрократизммен, партия тәртібін бұзушылармен күрес жүргізу үшін құрылды деп көрсетілгенімен, ол шын мәнінде жазалаушы орган ретінде қызмет атқарды. Жазалаушы ролі партия мүшелері мен мемлекеттік аппараттың саяси лоялдылығын бақылау, «партияның жауларын», оппозиционерлерді, өзге ой иелерін іздеп табу, тәртіптік жазалар (сөгістер, лауазамынан босату, партиядан шығару) қолдану, партия және кеңестік органдардың тазалауларына қатысу, биліктің жергілікті органдары мен қызметкерлерге қысым көрсетуді күшейту қолдану арқылы жүргізілді. ОБК-ЖШИ қорытындылары бақылаушы органнан саяси қысым көрсету құралына айналды. Басқаруды жақсарту мен сыбайластықпен күрес міндеттерін жазалау қызметтері басымдыққа айналды. Комиссияның қызметі бірпартиялық жүйенің және басшылықтың жеке билігін нығайтуға ықпал жасады. Жазаланудан сескену мен қорқыныш қызметкерлердің арасында бастамашылдық пен сыни ой-пікірдің болуын тоқтатты.

Бақылау комиссиясы-Жұмысшы-Шаруа инспекциясының барлық деңгейдегі органдары партиялық-тергеу істерін жүргізумен қатар, елдегі жүзеге асырылған саяси, экономикалық, әлеуметтік іс-шаралардың барысын қадағалауды үздіксіз жүргізді. Жазалау органдары – Бас Саяси Мемлекеттік басқарма (ОГПУ), Ішкі істер халық комиссариаттарымен бірге, тізе қоса отырып бақылау, тексеру жұмыстарын атқарды. Жергілікті жерлердегі аппараттардағы партиялық бағыттың орындалуы мен кадрлардың тазалығын, тәртібін бақылайтын партиялық орган ретінде қызмет атқарды. Олардың тексеру, іздестіру және «саяси сенімсіздігі» және «жат пікірлері, насихаттары» үшін партиядан шығару, лауазымынан босату туралы ұсыныстары қуғындау шараларының өріс алуына жол ашты.

Қорытынды. Кеңестік Қазақстандағы партиялық бақылау институтының қалыптасуы мен дамуы елде Коммунистік партияның билікке монополиясына негізделген саяси жүйенің орнығуымен шартталды; бұл партия барлық мемлекеттік құрылымдарды өзіне бағындырды. Билік жүргізуші партияға қатысты демократиялық қоғамдық бақылау болмаған жағдайда, биліктің негізгі тасымалдаушысы ретіндегі партияның тиімді қызмет етуін тексеру мен қамтамасыз етуге арналған ерекше ішкі қосалқы жүйе құру қажеттігі туындады. Коммунистік партияның қалыптасқан партиялық-мемлекеттік жүйені нығайту міндеттерін табысты жүзеге асыруы партия қатарларының бірлігін сақтауға, басшылық директиваларының барлық деңгейлерде қатаң орындалуына және партия мүшелерінің мінез-құлқының белгіленген нормаларға сәйкестігіне тәуелді болды. Сондықтан орталықтағы және жергілікті жерлердегі, соның ішінде Мәскеудегі партиялық бақылау органдарының негізгі функциялары коммунистердің саяси адалдығын қадағалау, партиялық тәртіпті сақтау, «партияға жат мінез-құлықтың» алдын алу және жолын кесу болды.

Қазақстандағы партиялық бақылау органдарының 1920–1930-жылдардағы «партиялық тазалауларды» жүргізу бірнеше кезеңді қамтыды. 1922 жылы Алаш қозғалысы қайраткерлері мен ақ әскерде қызмет еткендер тексеру құрығына ілінді. 1929 жылы Мәскеуден бастау алған «бас тазалаулар» науқаны кеңестік билік басынан оларды түбегейлі алып тастады. 1931–1933 жылдары жүргізілген «тазалаулар» барысында «отбасылық жағдайын жасырғандар» мен сайлау құқығынан айырылғандар (бай-қулақтар, орташалар, дін иелері және т.б.), таптық сенімсіз элементтер ретінде қоғамнан аластатылды.

Дереккөздер

АОМА – Ақмола облысының мемлекеттік архиві.

АОМА – Абай облысының мемлекеттік архиві.

Әдебиеттер

Абоян, 1967 – *Абоян А.Ф.* Деятельность Крайкк-РКИ Казахстана в области партийного строительства и совершенствования государственного аппарата в 1926-1933 гг. Автореферат дис. ... канд. ист. наук: 530 / Мин. высш. и среднего спец. образования Каз. ССР, Каз. ГУ им. С.М. Кирова, Каф. истор. КПСС. Алма-Ата, 1967. 29 с. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004402711/?ysclid=mgrlskw0ob218046568.

Анфертьев, 2012 – *Анфертьев И.А.* ЦКК РКП (б) ВКП (б): Причины создания и объединения с Наркоматом РКИ. 1920–1925 гг. (по документам РГАСПИ). URL: <https://hist.bsu.by/images/stories/files/nauka/izdania/istochnik/7/Anfert'ev.pdf?ysclid=mknnzye3hn374472129>.

Герчиков, 2013 – *Герчиков О.* Большая зачистка. Как наводили порядок в компартии. // Еженедельник «Аргументы и Факты» № 17. 24 апреля 2013 г. URL: https://aif.ru/society/history/bolshaya_zachistka_kak_navodili_poryadok_v_kompartii?ysclid=mkfc8cukpk969483693.

Киселева, 2014 – *Киселева Е.Л.* Чистка государственного аппарата 1929–1932 гг.: Основные комплексы источников, их анализ и значение. Специальность 07.00.09 – Историография, источниковедение и методы исторического исследования. Дисс. канд. ист. н. М., 2014. 177 с.

Отчет..., 1930 – *Отчет* Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б): 1930 – Отчет Казакской Краевой контрольной комиссии ВКП (б) и Народного Комиссариата Рабоче-Крестьянской Инспекции к 7-й Казакской партконференции (за время с ноября 1927 г. по 1 мая 1930 г.). Алма-Ата: [б. н.], 1930. 85 с. (Всесоюзная коммунистическая партия (большевиков).

Сарсенова, Чаушанская, 2007 – *Сарсенова Г.С., Чаушанская Н.В.* Путеводитель. Государственный архив Алматинской области и его филиалы, Талдыкорганский государственный архив: Справочно-информационное издание. Т.2. Талдыкорганский государственный архив. Филиалы Государственного архива Алматинской области. 1917–1991 гг. / Отв. сост.: Сарсенова Г.С., Чаушанская Н.В. Алматы, Издательский дом «Жибек жолы». 2007. – 324 стр. [Первый том путеводителя «Государственный архив Алматинской области и его филиалы» был издан в 2001 году.](https://archive-gaao.kz/wp-content/uploads/2024/08/2-tom-putevoditelya1.pdf) URL: <https://archive-gaao.kz/wp-content/uploads/2024/08/2-tom-putevoditelya1.pdf>. Каралған уақыты 26.09 2025 ж.

Грибанова, Сейсенбаева, 2016 – *Грибанова Е.М., Сейсенбаева А.А.* Путеводитель по фондам Архива Президента Республики Казахстан: Справочно-информационное издание // Состав.: Е.М. Грибанова, А.А. Сейсенбаева / Под общ. ред. профессора Б.А. Джапарова. Алматы, 2016. 310 с.

Мироненко, Барковец, 1996 – *Мироненко С.В., Барковец А.И.* Путеводитель. Том 2. Фонды Государственного архива Российской Федерации по истории РСФСР. М.: 1996. 732 с. С.451–455. Отв. ред.: С.В. Мироненко Руководитель коллектива составителей тома: А.И. Барковец. URL: <http://garf.ru> <https://libinfo.org/index/index.php?id=34&ysclid=mg12ac3q9b403731435>

Санников, 2020 – *Санников В.А.* Органы партийного контроля в политической системе СССР в 1920–е – первой половине 1930-х гг. (на материалах Москвы). Специальность 07.00.02 – Отечественная история. Автореф. дисс. ...канд. ист. н. М., 2020 г. URL: <https://diss.unn.ru/files/2020/1037/autoref-1037.pdf>

Сатаева, 2019 – *Сатаева Ж.* Из протоколов партийных организаций. Из протоколов партийных организаций. 07.06. 2019. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/4525?ysclid=mjv7xteady566642209>.

Султанмуратов, 2020 – *Султанмуратов Д.Ю.* Рабоче-крестьянская инспекция: правовые основы деятельности и особенности осуществления контрольно-ревизионной работы / Д.Ю. Султанмуратов. Скиф. Вопросы студенческой науки. № 12. 2020. С. 249–257. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/raboche-krestyanskaya-inspektsiya-pravovye-osnovy-deyatelnosti-i-osobennosti-osuschestvleniya-kontrolno-revizionnoy-raboty/viewer>.

Харитонов М.Ю., Харитонов С.Б., 2019 – *Харитонов М.Ю., Харитонов С.Б.* Формы и методы работы Рабоче-крестьянских инспекций в Чувашии в 1929–1934 годах. Вестник Чувашского университета. 2019. № 4. С. 262–270. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formy-i-metody-raboty-raboche-krestyanskih-inspektiy-v-chuvashii-v-1929-1934-godah?ysclid=mklgd0vz2p219061672>.

Центральная Контрольная комиссия – *Центральная Контрольная комиссия. Советская историческая энциклопедия.* URL: https://gufo.me/dict/history_encyclopedia/%F?ysclid=mjv7zawfwi36778196.

Яркова, 2006 – *Яркова Е.И.* Личные дела коммунистов: состав, характеристика документов, направления использования в ЦДООСО. Документ. Архив. История. Современность. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2006. Вып. 6. С. 351–355. URL: <http://elar.urfu.ru/handle/10995/30722>.

Sources

АОМА – Abay oblasınıñ memlekettik arhivi [State Archive of Abai Region]

АОМА – Aqmola oblasınıñ memlekettik arhivi [State Archive of Akmola Region]

References

Aboyan, 1967 – *Aboyan A.F.* Deyatel'nost' Krajk-RKI Kazahstana v oblasti partijnogo stroitel'stva i sovershenstvovaniya gosudarstvennogo apparata v 1926-1933 gg. [The activities of the KKK-RKI of Kazakhstan in the field of party building and improvement of the state apparatus in 1926-1933]. Avtoreferat dis. ... kand. ist. nauk: 530. Min. vyssh. i srednego spec. obrazovaniya Kaz. SSR, Kaz. GU im. S.M. Kirova, Kaf. istor. KPSS. Alma-Ata, 1967. 29 p. URL: https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_004402711/?ysclid=mgrlskw0ob218046568. [In Russian]

Anfert'ev, 2012 – *Anfert'ev I.A.* СКК РКР (b) ВКР (b): Prichiny sozdaniya i ob'edineniya s Narkomatom RKI. 1920–1925 gg. (po dokumentam RGASPI) [Central Control Commission of the Russian Communist Party (Bolsheviks) of the All-Union Communist Party (Bolsheviks): Reasons for its Creation and Merger with the People's Commissariat of the Workers' and Peasants' Inspection. 1920–1925 [based on documents from the Russian State Archive of Social and Political History]. URL: <https://hist.bsu.by/images/stories/files/nauka/izdania/istochnik/7/Anfert'\ev.pdf?ysclid=mknnzye3hn374472129>. [In Russian]

Central Control Commission – *Central'naya Kontrol'naya komissiya* [Central Control Commission]. Sovetskaya istoricheskaya enciklopediya. URL: https://gufo.me/dict/history_encyclopedia/%F?ysclid=mjv7zawfwi36778196. [In Russian]

Gerchikov, 2013 – *Gerchikov O.* Bol'shaya zachistka. Kak navodili poryadok v kompartii. [The Great Purge. How the Communist Party was Restored]. *Ezhenedel'nik «Argumenty i Fakty»*. 2013. № 17. 24 aprelya. URL: https://aif.ru/society/history/bolshaya_zachistka_kak_navodili_poryadok_v_kompartii?ysclid=mkfc8cukpk969483693. [In Russian]

Gribanova, Seisenbayeva, 2016 – *Gribanova E.M., Seisenbaeva A.A.* Putevoditel' po fondam Arhiva Prezidenta Respubliki Kazahstan: Spravochno-informacionnoe izdanie [Guide to the Funds of the Presidential Archives of the Republic of Kazakhstan: Reference and Information Publication]. Sostav.: *E.M. Gribanova, A.A. Seisenbaeva*. Pod obshch. red. Prof. B.A. Dzharparova. Almaty, 2016. 310 p. [In Russian]

Kharitonov, Kharitonova, 2019 – *Kharitonov M.Yu., Kharitonova S.B.* [Forms and Methods of Work of the Workers' and Peasants' Inspectorates in Chuvashia in 1929–1934]. *Bulletin of the Chuvash University*. 2019. No. 4. Pp. 262–270. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formy-i-metody-raboty-raboche-krestyanskih-inspektsiy-v-chuvashii-v-1929-1934-godah?ysclid=mklgd0vz2p219061672>. [In Russian]

Kiseleva, 2014 – *Kiseleva, E.L.* Chistka gosudarstvennogo apparata 1929–1932 gg.: Osnovnye komplekсы istochnikov, ih analiz i znachenie [The Purge of the State Apparatus in 1929–1932: Main Sources, Analysis, and Significance]. Special'nost' 07.00.09 – Istoriografiya, istochnikovedenie i metody istoricheskogo issledovaniya. Diss. kand. ist. nauk. M., 2014. 177 p. [In Russian]

Mironenko, Barkovets, 1996 – *Mironenko S.V., Barkovets A.I.* Putevoditel' [Guide]. T. 2. Fondy Gosudarstvennogo arhiva Rossijskoj Federacii po istorii RSFSR. M.: 1996. 732 p. Pp. 451–455. Otv. red.: S.V. Mironenko Rukovoditel' kollektiva sostavitelej toma: A.I. Barkovec. URL: <http://garf.ru> <https://libinfo.org/index/index.php?id=34&ysclid=mg12ac3q9b403731435> [In Russian]

Otchet Kazakskoj Kraevoj kontrol'noj komissii VKP (b), 1930 – *Otchet Kazakskoj Kraevoj kontrol'noj komissii VKP (b) i Narodnogo Komissariata Raboche-Krest'yanskoj Inspekcii k 7-j Kazakskoj partkonferencii (za vremya s noyabrya 1927 g. po 1 maya 1930 g.)*. Alma-Ata: [b. n.], [Report of the Cossack Regional Control Commission of the CPSU (b) and the People's Commissariat of Workers' and Peasants' Inspection] to the 7th Cossack Party Conference (for the period from November 1927 to May 1, 1930). Alma Ata: [B. N.] 1930. 85 p. (Vsesoyuznaya kommunisticheskaya partiya (bol'shevikov). 1930. 85 p. [In Russian]

Sannikov, 2020 – *Sannikov, V.A.* Organy partijnogo kontrolya v politicheskoy sisteme SSSR v 1920–e – pervoj polovine 1930-h gg. (na materialah Moskvyy) [Party Control Bodies in the Political System of the USSR in the 1920s and the First Half of the 1930s (Based on the Materials of Moscow)]. Special'nost' 07.00.02 – Otechestvennaya istoriya. Avtoref. diss. kand. ist. nauk. M., 2020. URL: <https://diss.unn.ru/files/2020/1037/autoref-1037.pdf> [In Russian]

Sarsenova, Chaushanskaya, 2007 – *Sarsenova G.S., Chaushanskaya N.V.* Putevoditel' [Guidebook]. Gosudarstvennyj arhiv Almatinskoy oblasti i ego filialy, Taldykorganskij gosudarstvennyj arhiv: Spravochno-informacionnoe izdanie. T. 2. Taldykorganskij gosudarstvennyj arhiv. Filialy Gosudarstvennogo arhiva Almatinskoy oblasti. 1917–1991 gg. Otv. sost.: Sarsenova G.S., Chaushanskaya N.V. Almaty, Izdatel'skij dom «Zhibek zholy». 2007. 324 p. *Pervyj tom putevoditelya «Gosudarstvennyj arhiv Almatinskoy oblasti i ego filialy» byl izdan v 2001 godu*. URL: <https://archive-gaao.kz/wp-content/uploads/2024/08/2-tom-putevoditelya1.pdf>. [In Russian]

Sataeva, 2019 – *Sataeva Zh.* Iz protokolov partijnyh organizacij. Iz protokolov partijnyh organizacij [From the minutes of party organizations. From the minutes of party organizations]. 07.06. 2019. URL: <https://e-history.kz/ru/news/show/4525?ysclid=mjv7xtedy 566642209>. [In Russian]

Sultannuratov, 2020 – *Sultannuratov, D.Yu.* Raboche–krest'yanskaya inspekcija: pravovye osnovy deyatel'nosti i osobennosti osushchestvleniya kontrol'no-revizionnoj raboty [Workers' and Peasants' Inspectorate: Legal Foundations of Activity and Features of Control and Audit Work [Electronic resource]. D.Yu. Sultanmuratov. Skif. *Voprosy studencheskoj nauki*. 2020. № 12. Pp. 249–257. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/raboche-krestyanskaya-inspektsiya-pravovye-osnovy-deyatelnosti-i-osobennosti-osushchestvleniya-kontrolno-revizionnoj-raboty/viewer>.

Yarkova, 2006 – *Yarkova E.I.* Lichnye dela kommunistov: sostav, harakteristika dokumentov, napravleniya ispol'zovaniya v CDOOSO [Personal files of Communists: composition, characteristics of documents, directions of use in the Central Economic and Social Organization]. *Dokument. Arhiv. Istoriya. Sovremennost'*. Ekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta, 2006. Vyp. 6. Pp. 351–355. URL: <http://elar.urfu.ru/handle/10995/30722>. [In Russian]

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

<i>Мамытова С.Н.</i> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
<i>Ахметжан К.С.</i> ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
<i>Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш.</i> «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
<i>Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B.</i> THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
<i>Toraigyrov Ye.M.</i> TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
<i>Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х.</i> УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
<i>Әуелбеков М.Б., Бахар Х.</i> XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
<i>Черниенко Д.А.</i> ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
<i>Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z.</i> SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY	564
<i>Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ.</i> ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ ӨҢІРІНЕН ҚЫТАЙҒА БОСҚЫНШЫЛЫҒЫ (XX Ғ. 30 ЖЖ.).....	576
<i>Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х.</i> О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
Бахтыбаев М.М., Қожя М.Б., Сиздиқов Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
Жетібаев К.М., Қожя М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

- Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.**
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС
ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ
ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....787
- Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.**
ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....805
- Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.**
РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД
КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК
ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ
ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....817
- Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К.**
1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ
ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ
САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....833
- Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.**
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ
ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР»
МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....851
- Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.**
МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН
БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....866
- Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.**
КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ.878
- Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.**
ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ
(ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....890
- Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.**
ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....915
- Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.**
THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’
ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....926
- Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.**
THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY
IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
